



**Қазақстан Республикасының кейбір аудандық және
оған теңестірілген соттарын тарату және Қазақстан Республикасы
соттарының кейбір кадр мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 1-тармағына, 31-бабының 2, 8-тармақтарына, 34-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мыналар:

1) Ақмола облысы Бұрабай ауданының мамандандырылған әкімшілік соты;

2) Шығыс Қазақстан облысы Зырянов ауданының мамандандырылған әкімшілік соты, Шемонаиха ауданының мамандандырылған әкімшілік соты;

3) Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының мамандандырылған әкімшілік соты;

4) Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының № 2 аудандық соты, Ұлытау ауданының № 2 аудандық соты, Жезқазған қаласының мамандандырылған әкімшілік соты;

5) Павлодар облысы Ақсу қаласының мамандандырылған әкімшілік соты таратылсын.

2. Осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес кейбір соттардың төрағалары мен судьялары қызметіне тағайындалсын және қызметінен босатылсын.

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2016 жылғы 18 ақпан

№ 197



Қазақстан Республикасы
Президентінің
2016 жылғы 18 ақпандағы
№ 197 Жарлығына
ҚОСЫМША

1. Судья қызметіне:

Ақмола облысы бойынша:

Бурабай аудандық сотына

Шамұратов Дамир Еркінұлы
осы облыстың Бурабай ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы қызметінен
босатыла отырып;

Целиноград аудандық
сотына

Теміров Жанат Құлатайұлы
осы облыстың Бурабай ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы қызметінен
босатыла отырып;

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Орал қалалық сотына

Өтешев Қайрат Тасқалиұлы
осы облыстың Бөрлі ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы қызметінен
босатыла отырып;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Жарма аудандық сотына

Рахижанов Жәкен Баубекұлы
осы облыстың Зырянов ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы қызметінен
босатыла отырып;

Зырянов аудандық сотына

Садықова Айнұр Қамзабекқызы
осы облыстың Зырянов ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы қызметінен
босатыла отырып;

Өскемен қаласының
№ 2 сотына

Сәрсенбаев Санат Слямжанұлы
осы облыстың Шемонаиха ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы қызметінен
босатыла отырып;

Өскемен қалалық сотына

Нұржанова Маржан Бауыржанқызы
осы облыстың Зырян ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы қызметінен
босатыла отырып;

Шемонаиха аудандық сотына

Жумагулова Анна Николаевна
осы облыстың Шемонаиха ауданының
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы қызметінен
босатыла отырып;

Қарағанды облысы бойынша:

Қарағанды қаласының
Қазыбек би аудандық сотына

Шөженов Жұмағұл Нығметұлы
осы облыстың Жезқазған қаласының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы қызметінен
босатыла отырып;

Қарағанды қаласы
Октябрь ауданының
№ 2 аудандық сотына

Жапарова Жанна Хматқызы
осы облыстың Ұлытау ауданы
№ 2 аудандық сотының судьясы
қызметінен босатыла отырып;

Сәтпаев қалалық сотына

Шайқамалов Қанат Жандарбекұлы
осы облыстың Ұлытау ауданы
№ 2 аудандық сотының төрағасы
қызметінен босатыла отырып;

Қарағанды қаласының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотына

Сәкенов Болат Мәукенұлы
осы облыстың Ақтоғай ауданы
№ 2 аудандық сотының төрағасы
қызметінен босатыла отырып;

Шахтинск қалалық сотына

Рысжанов Маурат Маралбайұлы
осы облыстың Ақтоғай ауданы
№ 2 аудандық сотының судьясы
қызметінен босатыла отырып;

Павлодар облысы бойынша:

Ақсу қалалық сотына

Мұхаметқалиева Гүлнәр Рахметқызы
осы облыстың Ақсу қаласының
мамандандырылған әкімшілік
сотының судьясы қызметінен
босатыла отырып;
Хамзин Балтабек Шаймырзаұлы
осы облыстың Ақсу қаласының
мамандандырылған әкімшілік
сотының төрағасы қызметінен
босатыла отырып

тағайындалсын.

2. Атқаратын қызметінен:

Атырау облыстық сотының
судьясы

Дияров Жайдарбек Мұстақымұлы
басқа жұмысқа ауысуына байланысты
босатылсын.
